

## **Қарабалық ауданы Новотроицк ауылының Новотроицк ауылдық округінің құрамдас бөліктерін қайта атау туралы**

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Новотроицк ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 18 қаңтардағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 14 ақпанда № 7509 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 4) тармақшасына, халқының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 16 қарашадағы қорытындысы негізінде, Новотроицк ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қарабалық ауданы Новотроицк ауылдық округінің Новотроицк ауылында қайта атауға:

Ленин көшесін Мектеп көшесіне;

Пролетарская көшесін Тәуелсіздік көшесіне;

Советская көшесін Иван Щеголихин көшесіне;

50 лет ВЛКСМ көшесін Василий Москалев көшесіне.

2. "Новотроицк ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Қарабалық ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа сөз басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қарабалық ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК